



ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

## Казахстан-Тюмень-Оренбург

На этой неделе состоялся телемост (Казахстан-Тюмень-Оренбург) на тему «Креативное общество как культурно-исторический контекст развития человека».



Активное участие приняли: Казамбаева Айгуль Мамаевна – к. э. н., доцент, начальник Управления науки, Байдалиев Куатбек Абуталипович – к.п.н, доцент, руководитель высшей школы профессионального и художественно-технологического образования. Выступали: заслуженный деятель науки РФ, главный научный сотрудник Оренбургского государственного педагогического университета, д.п.н., профессор – Рындак Валентина Григорьевна; начальник отдела науки ФГБОУ ОГПУ, д.п.н., профессор – Челпаченко Татьяна Викторовна; д.п.н, доцент Тюм ГУ – Дегтярев Сергей Николаевич, Султанов Акылбек Узакбаевич – к. с.-х. н., ассоциированный профессор, проректор по воспитательной и социальной работе, а также Талап Мухаммеджан – студент 3го курса ЗКАТУ им. Жангир хана.

С.Н.Дегтярев предоставил проблемы развития креативности обучающихся средствами логики-графической дидактики при изучении физики в вузе на примере создания интеллект-карт. Были озвучены вопросы, затрагивающие необходимость перехода от традиционной системы обучения к творческой, направленной на формирование дивергентного критического мышления у обучающихся. В свою очередь мной был продемонстрирован авторский сайт, наглядно иллюстрирующий реализацию процес-

сной модели формирования креативности будущих инженеров посредством научного поиска, оптимизирующий процесс научного поиска обучающихся на диагностическом, деятельном и рефлексивном этапах исследуемого процесса. Сайт отражает работу студенческого научного онлайн-сообщества, которое способствует непрерывному взаимодействию будущих инженеров, объединяющих на добровольных началах наиболее талантливых обучающихся технического университета с целью организации научного поиска, обмена опытом, внедрения, продвижения креативных технологий и социально значимых научно-образовательных проектов, обеспечивающих выход за рамки

стереотипов, мотивирующих будущих инженеров к научному поиску. Сайт содержит автоматизированный поиск информации для создания новых научных проектов; медиатеку экспериментальных работ, виртуальный читальный зал, дискуссионный чат и онлайн тренажеры по реализации продуктивного научного поиска будущих инженеров. Например, на основе компьютерной игры создана виртуальная лаборатория по «Электрическим цепям» в 3D-формате, открывающая широкий спектр возможностей по сборке цепи и регулированию характеристик тока и напряжения в онлайн-режиме. Виртуальный дискуссионный чат дает возможность регулярно информировать участников сообщества о пред-

стоящих конкурсах, проектах, грантах, международных научных стажировках, конференциях, телемостах и научных форумах, олимпиадах с целью создания мотивирующей творческой среды среди представителей научного онлайн-сообщества. Включение будущих инженеров в научный поиск обеспечивает «вращивание» их внутренней мотивации, свободу выбора целей, методов планирования научно-исследовательской деятельности с акцентом внимания на успех научного поиска сокурсников, определение познавательных интересов и их систематизацию. В результате активизируется создание индивидуального портфолио научных достижений будущих инженеров, открывающих перспективу на получение международного образовательного гранта, обучение за границей, приобретение бонуса для поступления в магистратуру, получение президентской стипендии и финансирование гранта.

Иллюстрация результативности научного онлайн сообщества представлена авторскими портфолио научных достижений будущих инженеров, свидетельствующими о продуктивности научного поиска в их профессиональной деятельности, отражающими багаж их знаний, мотивация на успех; целеустремленность; открытость новому; осознанность ценности научного поиска на пути к саморазвитию.

**Гульмира САЙФУТДИНОВА,**  
старший преподаватель центра  
«Общетеchnической подготовки»  
Политехнического института

## Түркістаннан жеткен ақжарма тілек

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде ұйымдастырылған қазақ күресінен жоғары оқу орындары студенттері арасындағы республикалық лиганың финалдық кезені жоғары деңгейде өтті.



Біз, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің командасы Түркістанға үлкен қуанышпен қайттық. Оралдан келген соң университетіміздің ректоры Жанар Темірбекова командамызды қабылдап, құттықтау тілегін арнады. Жанар Амангелдіқызына Жәңгір хан университетінің ректоры Асқар Наметовтің «Алғыс хатын» табыс еттік. Ол да БҚАТУ басшысына ризашылығын білдірді.

Жәңгір хан университетінің оқу-ғылыми ғимараттарынан бөлек спорттық шаралар өткізетін базасы өзге оқу орындарына қарағанда жоғары деңгейде

екен. Басқа да дене шынықтыру факультеті бар білім ордаларын, академияларды көріп жүрміз. Алайда мұндай спорттық кешендерді кездестірмеппіз. Сонымен қатар БҚАТУ ұжымының, ұйымдастырушылардың, студент

жастардың келген қонақтарға көрсеткен құрметтеріне риза болдық. Бұл университет ректоры Асқар Мырзахметұлының ұжымды басқарудағы шеберлігінің, әріптестердің ауызбіршілігінің көрінісі деп білеміз. Әр оқу орнын осындай аза-

маттар басқарса, даярлайтын мамандары да абыройлы, адамгершілігі жоғары боларына сеніміміз мол.

Жәңгір хан университетінің ұжымына үлкен жетістіктер, әріптестерге амандық тілеймін. Спорттан басқа бағыттар бойынша да биік белестерді бағындыра беретіндеріңізге көзіміз жетті. Осы бірліктеріңіз ұзағынан болсын. Жаксы күндерде жолығайық. Жаңадан ашылған жас білім ордасы – Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетіне де қош келесіздер. Біздердің де көрсететін, мақтанатын дүниелеріміз көп.

Қасиетті Рамазан айы құтты болсын! Ораза тұтқан жандардың ниеттері қабыл болсын!

**Әбдісадық ХАЛИЛАЕВ,**  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
халықаралық қазақ-түрік  
университетінің профессоры, ҚР  
Еңбек сіңірген жаттықтырушы, самбо  
күресінен Әлем чемпионатының төрт  
дүркін жеңімпазы





## Урок бизнеса по методу «Шести шляп»

Согласно предварительной договоренности университета с руководством СОШ №20 в лице директора Н.К. Утегалиевой был организован урок по предмету «Бизнес и предпринимательство» на тему: «Создание предприятия» для выпускников 11 «В» класса.

Урок начался с объяснения ученикам о методике эффективного ведения бизнеса и основные факторы производства для создания предприятия.

Основная часть урока была проведена в виде деловой игры по известному методу «Шести шляп» французского ученого экономиста Эдварда де Боно.

Ученики в классе согласно жеребьевке были разделены на шесть команд по 2-3 человека, которые представили свои подготовленные презентации быстро и качественно.

В завершении деловой игры команда «Синяя шляпа» – О. Сагантаев и Б.Мухамбетов, которые являлись руководителями игры и оценочной комиссии



ей пришли к следующим результатам: первое место заняла команда «Зеленая шляпа» в составе – С.Амантайкызы, А.Мергали и Н.Медетова, которая показала отличные знания по инновационному развитию бизнеса на предприятии и находчивость в ответе на трудные зада-

ния, касающиеся новизны цифровой рыночной ситуации в мировой экономике.

Второго места по решению комиссии удостоены 2 команды – «Белая шляпа» – А.Альдекешева, С.Жумабаев и «Желтая шляпа» команда – А.Есенова, А.Лукпан, которые математически достоверно вы-

явили связи между факторами производства и подчеркнули положительные моменты ведения бизнеса.

В настоящее время общее количество выпускников школы составляет 51 человек, из них 23 обучаются на русском языке, 3 выпускника претендуют на знак «Алтын белгі», а также 1 человек, претендующий на аттестат особого образца.

Желаем всем выпускникам 2022 года хорошо закончить обучение в школе, успешно сдать ЕНТ и участвовать в Республиканском конкурсе, затем получить государственные образовательные гранты и стать студентами!

Отметим, что руководством и преподавателями ЗКАТУ имени Жангир хана ежегодно проводятся многоплановые и эффективные мероприятия с целью привлечения выпускников школ к правильному выбору будущей профессии.

**Берик ХУСАИНОВ,**  
доцент, ведущий специалист бизнес школы при высшей школе «Экономики и аудита»

## Менеджмент — неотъемлемая часть бизнеса

Менеджмент – органическая часть экономической системы предприятия или фирмы, отражающая особенности ведения бизнеса, цели, принципы и идеологию.

Нашим преподавателем дисциплины «Менеджмента» был кандидат сельскохозяйственных наук, доцент Б.М. Хусаинов.

В ходе изучения дисциплины была проведена проектная работа по созданию предприятия, которая была начата 21 февраля и завершена 19 апреля. Мы были разделены на небольшие 6 команды с численностью 2-3 человека. Для организации процесса применили scrum-технологии, с помощью которой обозначили задачи и определенные роли: scrum owner, scrum master. Условно разграничили весь период работы на 3 спринта, длительность каждого из спринтов составляло 3 недели. На каждой последней третьей неделе проводили отчеты о выполненной работе и собрание, где руководитель команды выявлял проблемы в процессе создания предприятия, находили решение и давали задачи участникам команды на следующий спринт. 19 апреля все шесть команд представили бизнес-план своей организации.

1 команда: «Help Money» – микрофинансовая организация. Цель: оказание финансовой поддержки в виде краткосрочных займов субъектам малого бизнеса. Руководителем-директором является А.Жарылгасова, руководителем отдела маркетинга и персонала А.Жумагалиев. Предоставляемые услуги: экс-



пресс-кредит, потребительский кредит, коммерческий кредит, кредитный скоринг.

2 команда: «Sigma» – страховая компания. Цель: защита имущественных интересов физических и юридических лиц при наступлении определенных событий, т.е. страховых случаях. Руководитель – Р.Максумова; финансовый директор – М. Хабибуллина; технический директор – Ж. Екубов. Предоставляемые услуги: страхование имущества, автострахование, мед.страхование, страхование жизни.

3 команда: «West in money» – микрокредитная организация. Цель: предоставление помощи населению с малым достатком. Руководитель – Л.Мурзагалиева; маркетолог – А. Аймуратова. Предоставляемые услуги: микрокредиты и займы, выдача денежных средств.

4 команда: «Easy money» – микрокредитная организация. Цель: помощь населению в финансово трудное время и оказание финансовой поддержки микропредпринимателям. Руководитель – А.Кажидденова; экономист – А. Чакаев. Предоставляемые услуги: финансовая поддержка в виде микрокреди-

тов для людей с низким и средним уровнем достатка.

5 команда: «DASLIFE» – страховая компания. Цель: оказание страховых услуг, осуществляющие страхование жизни, здоровья, имущества. Руководитель – директор – Д. Сарсенгалиева; отвечающий за финансовую деятельность – С.Мырзабеков; бухгалтер – А.Сарбаева. Предоставляемые услуги: страхование автотранспортных средств, имущества от огня и других опасностей, комплексное страхование граждан, выезжающих за пределы постоянного места жительства.

6 команда: «Unit» – микрокредитная организация. Цель: предоставление денежных средств населению для личных нужд. Руководитель-директор – Ж.Тулгабаева; секретарь – Ю.Шоназарова; бухгалтер – А.Туралиев. Предоставляемые услуги: займы и финансы физическим лицам.

По итогу всей проделанной работы создали предприятия и его бизнес-план, используя теоретические и практические знания, полученные в течении учебного процесса.

**Аяжан ЖАРЫЛГАСОВА,**  
студентка группы БФЭ-12

### ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

## Уақытты тиімді пайдалану үшін не істеу керек?

Уақыт – біздің өміріміздегі ең маңызды баға жетпес құндылықтарымыздың бірі. Бұл бағалы ресурсты кері қайтарып алуға немесе қалпына келтіруге болмайды. Ақшамызды жоғалтып алсақ, оны күндердің бір күнінде қайтадан табуға болады. Бірақ, уақыт бір орнында тұрмайды, өз ағымымен жүріп жатады. Көп жағдайда адамдар өткен өмірлеріне кері бұрылып қарағанда, қаншама жылдарының қалай өтіп кеткенін енді ғана аңғарып жатады. «Осы күнге дейін не бітірдім? Қандай мақсаттарға жеттім?» деп өздеріне сұрақ қойып, «Қайран алтын уақытым-ай!» деп өкініп те қалады. Сондықтан, өз уақытыңызды барынша тиімді әрі пайдалы істерге жұмсау үшін төмендегі кеңестерді біле жүріңіз.

**Өзіңіз ұнататын іспен айналысыңыз.**  
Өміріміздегі жетістіктердің жартысынан астамы сүйікті істерімізбен айналысудың арқасында. Қызығушылықтарына (хобби) аз уақыт жұмыстарына үнемі шағымданып жататын адамдар аз емес. Сондықтан, сіздің табыс көзіңіз бен сүйікті ісіңіздің арасында байланыс болғаны дұрыс.


**Жоспар құру.**  
Бір күнге, аптаға, айға немесе бір жылға жоспар құру – маңызды істерді айқындауға, бір-де-бір минутты босқа кетірімеуге көмектеседі. Сонымен қатар, жоспарлар мен мақсаттарыңыздың тізімін жазып, түртіп отыратын қойын дәптердің болғаны дұрыс.

**Жоспарыңыздың орындалуын тездететін істермен ғана айналысыңыз.**  
Күнделікті жұмыстардың ішінен пайдасыз істерді босануыңызға жол бермеуге тырысыңыз.

**Егер сіздің өмір сүруіңізге 1 жылдан аз уақыт қалса, не істейсіз? Бір жылдың ішінде қандай жұмыстарды атқарар едіңіз?**

Осындай ойлар адамдардың өмірдегі маңызды заттар мен өмірлік мақсаттарын түсінуге септігін тигізеді. Бұл арқылы адамдар нақты жоспар құрып, сол жоспарларды орындау жолында жұмыс істей бастайды.





# Ауыл баласының аграрлық салаға бет бұруы — заңдылық

Яғни, ауылдың барлық тірлігін көзбен көрген жеткіншек болашақ мамандығын да сол ерекше мекенмен байланыстырады сөзсіз. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз — доцент, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Ғали Ожановтың ойы да осыған саяды. Сонымен бірге Жәңгір хан университетіндегі білім алушылардың басым көпшілігі — ауылдан түлеп ұшқандар.

## Ақтөбеден — Оралға

Агротехнологиялық институттың «Орман, жер және су қорларын басқару» жоғары мектебінің доценті Ғали Сәттібайұлының отыз жылдан астам өмір жолы осы университеттің қабырғасында өткен екен. Ақтөбе облысында туып-өсіп, 1990 жылы мектеп бітіргеннен кейін білім қуып көршілес Орал шаһарына табан тірепті. Сол кезде Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институты аталған осы кара шаңыраққа оқуға түседі.

Алтын бесік — ауылдан шыққан кейіпкеріміз ауыл шаруашылығы саласында қызмет етуді бала кезден армандағанын аңғартты. Жастайына еңбекке араласып, алдына «инженер боламын» деп мақсат қойғанымен, әкесінің кеңесімен, ақ батасымен агрономия саласына таңдауы түсіпті. Сөйтіп Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтының «Агрономия» мамандығын таңдап, «Ғалым агроном» біліктілігін тәмамдайды. Ол жылдары «Агрономия» факультетін Алексей Яковлевич Бакалдин, Халел Хаймолдаұлы Құсайынов секілді білікті декандар басқарған. Болашақ мамандығын игере жүріп, бос уақытын білім мен ғылымға жұмсаған, қоғамдық жұмыста белсенділік көрсеткен жастың болашағынан ұстаздары да үлкен үміт күтсе керек. 3-курста оқып жүргенде Ғали Сәттібайұлына оқу орнына жұмысқа қалу жөнінде ұсыныс білдіріпті. Сондай-ақ институтты үздіктер қатарында тәмамдаған жас маманға іштей аспирантураға жолдама беріледі.

1994 жылы оқуын тәмамдаған жас маман еңбек жолын 1995 жылы қаңтар айында өзі білім алған «Агрономия» факультетіндегі «Өсімдік өнімдерін сақтау технологиясы» кафедрасынан



зу арқылы дәнді дақылдардың өсіп-жетілуін бақылау, әр түрлі сорттарын зерттеу бойынша кандидаттық диссертациясын жазуға кіріседі. Зерттеу жұмысын университет қабырғасында сол жылдары жұмыс жасаған «Ізденіс» ғылыми-тәжірибелік орталығында, егіс алқаптарында жүргізеді. 1999 жылы қазан айында Алматы қаласындағы В.Р.Вильямс атындағы Қазақ ғылыми-зерттеу егіншілік институтында өсімдік шаруашылығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғайды. Нәтижесінде институтқа «Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты» болып оралған Ғали Сәттібайұлы жұмысын қайта жалғастырады.

## Тағы бір мамандықты игереді

Әрине, БҚАТУ-дың кәсіби мамандар даярлаудағы жұмыс барысы әр кез даму үстінде болғаны сөзсіз. Жаңадан ашылған кафедралар, жаңа мамандықтар. Кейіпкеріміз де еңбек жолында осындай көптеген өзгерістерге куә болып келеді. 2000 жылы Ғали Ожанов «Агрономия» факультетінде ашылған «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасына аға оқытушы болып жұмысқа кіріседі. 2003 жылы кафедраның атауы өзгеріп «Стандарттау және экология» кафедрасында доценттік лауазымды иеленген. 2009 жылы бұл кафедраның атауы «Экология және табиғатты пайдалану» болып өзгерді.

2011 жылы ғалым Политехникалық фа-

орналастыру және кадастр» мамандығы «Агрономия» факультетіне ауыстырылып, кейіпкеріміз де өзінің факультетіне «Экология және табиғатты пайдалану» кафедрасына қайтып оралған екен. Қазіргі уақытта Ғали Сәттібайұлы Агротехнология институтының «Орман, жер және су қорларын басқару» жоғары мектебінде еңбек етіп жүр.

«Жерге орналастыру және кадастр» мамандығы заман талабына сай сұранысқа ие. Білім алушылар университеттегі «Мансап және бизнес» орталығы арқылы өндірістерге, кәсіпкерлік нысандарына, ғылыми мекемелерге арнайы келісімшарт аясында тәжірибелік машықтан өтуге жіберіледі. Ал өздерінің кәсіби қабілетін жақсы қырынан көрсеткен студенттер сол жерлерге тұрақты жұмысқа қалуға мүмкіндігі бар. Ғалым-ұстаз ондай шәкірттері де аз емес екенін мақтанышпен атап өтті.

— Соңғы кездері бұл мамандыққа таңдау өте жоғары. Мемлекеттік гранттар саны да жылдан-жылға көбейіп келеді. Біздің түлектеріміз өндірістің барлық бағыттарына да, ауылшаруашылық салаларына да жұмысқа орналаса алады. Қазіргі нарықтық қатынас жағдайында кез келген сатылатын жылжымай-

шәкірттерімен хабарласып тұратынын айтты. Олармен Ақтөбе, Атырау облыстарына іссапармен барған кезде жолығысып тұрады. Басым көпшілігі мамандықтары бойынша жұмыс жасап жүргеніне қуанышты. Университетте қызмет етіп жүрген кейінгі буынның біразы — Ғали Сәттібайұлының алдынан өткен шәкірттері.

Еңбек жолынан сыр шерте отырып, білім мен ғылым саласындағы сатылы өмір жолына қатысты даталарды дәлме-дәл келтірген ғалым-ұстаздың есте сақтау қабілеті де таңдандырмай қоймады. Ғали Сәттібайұлы осы уақыт аралығында диссертациялық еңбектерін, ғылыми жобалары мен мақалаларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік жарияланымдарын, патенттерін қосқанда 80-тен астам ғылыми жұмыс жазған. Сонымен қатар ғалымның білім және ғылым жолындағы еңбегі ескеріліп, «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор жеке үлесі үшін» ҚР Білім және ғылым министрлігінің алғысымен марапатталған.

Бұдан әрі әңгімеміз басқа арнаға ауысып, кейіпкерімізге тағы бір заңды сауалымызды қойдық. «Қазіргі жастарға көңіліңіз тола ма, немесе олардың



тын мүлік міндетті түрде бағалауды талап етеді. Сондықтан жылжымайтын мүліктер бойынша өздерінің жеке кәсіптерін ашып, бағалау жұмыстарымен айналысып жүргендері де аз емес, — дейді Ғали Сәттібайұлы.

Жәңгір хан университетінен осы мамандықты игерген мамандар бүгінде Орал қалалық және аудандық жер қатынастары бөлімдерінде, облыстық және қалалық азаматтарға қызмет көрсету орталықтарында, ауылшаруашылық саласы мен ғылыми жобалау және өндірістік мекемелерінде жұмыс жасап жүр.

## Білімге күштар жастарға риза

Мектеп түлектері мамандық таңдарда қиналатыны жасырын емес. Себебі бүгінде мамандықтың түрі өте көп. Оған жастардың өзіндік көзқарасын қосыңыз. Бұл ретте университет оқытушылары оларға көмекке келіп, әрбір мамандықтың артықшылықтарын көрсетуге тырысады. Ғали Сәттібайұлы да осындай жұмыс тобымен бірге қала, аудан мектептерін аралап, түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. «Нарыққа білімді де білікті маман қажет. Ал біздің университетімізде заман талабына сәйкес келетін мамандар даярланады. Оны жастар өз қалауларымен таңдап, алға қойған мақсатымен ұштастырып, білім алып шықса, сол саланы дамытары сөзсіз» деген ғалым өзі дәріс берген

бойынан қандай артықшылықтарды көресіз?» деген сұрақ төңірегінде ой-пікірін білдік.

— Ақпараттық жүйе жақсы дамыған заманда өмір сүріп жатырмыз. Сол себепті жастар барлығын ерте қабылдайды. Бұрынғылармен салыстырып қарасақ, қазіргі жастардың өмірге, болашаққа деген көзқарастары мүлдем басқа. Алдарына қойған мақсаттары айқын, — деген Ғали Сәттібайұлы бүгінгі жастардың алғырлығы, білімге құштарлығы, жан-жақтылығы көңіл марқайтатынын жеткізді.

Әр адам үшін туған жер қашан да ыстық. Арайлы Ақтөбенің кейіпкеріміз үшін жөні бөлек екені түсінікті. Тарихи Орал шаһары да екінші атамекеніне айналғанына күмәніміз жоқ. Осы қалада білім алып, ғылым жолына түсіп, отбасын құрып, өмір жолын жалғастыруда. Өзі ісіне шынайы берілген азаматтың бос уақыты да бола бермейді. Студенттерге дәріс оқу, қала берді ғылыми жобаларды жүзеге асырудан босамайтын кейіпкеріміз үйде ғана жұмыстан сәл босайды екен. Тек университетішілік спорттық іс-шараларға ғана ұжыммен бірге қатысып, көңіл сергітетінін білдік. Иә, үлкен ізденіс пен сарқылмайтын күш-жігерді талап ететін ғылым жолы — ауыр жол. Бұған кейіпкерімізбен әңгіме барысында тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Ләззат ҚАЖЫМОВА



оқытушылықтан бастаған. Сол жылы мамыр айында аспирантураға оқуға тапсырады. Үш жыл аспирантурада оқи жүріп, жұмысын да қоса атқарған ғалым-ұстаз ғылымдағы ізденісін одан әрі жалғастыруға бел буады. Дақылдың өнімділігі, себу мөлшері мен мерзімі, минералды тыңайтқыштар енгі-

культетке «Жерге орналастыру және механикаландыру технологиялары» кафедрасына жұмысқа ауыстырылған. Сонымен бірге Ғали Сәттібайұлы өзі де қосымша «Жерге орналастыру» мамандығы бойынша білімін толықтырып, қолына дипломын алады. Бес жыл аталмыш кафедрада жұмыс жасайды. Ал 2016 жылы «Жерге



## Жеңісің құтты болсын АТИ-ім!

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде біздер асыға күткен дәстүрлі «Студенттік көктем» байқауының биылғы кезеңі де өз мәресіне жетті.



Бес институттың арасында ұйымдастырылған тартысты шығармашылық сайыста өнер көрсету реттілігі жеребе суыру арқылы белгілі болды. Соның нәтижесінде біздің «Агротехнологиялық» институтының білім алушылары қарсыластарымыздың ортасынан ойып тұрып орын алып, үшінші болып сахнаға шықтық. Әр институт өзіне берілген уақыт ішінде көрермен мен қазылар алқасына шығармашылық қабілеттерін паш етті. Байқаудың биылғы басты тақырыптары «Жәңгір хан университетінің 59-

көктемі» және «Бейбітшілік» болғандықтан, әр институт достық, бірлік ұғымдарын ерекше жеткізе білді. Бұл байқаудың басты мақсаты – студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту және таланттарына қолдау көрсету болатын. Сайысқа әр институттан оқ бойы оза шапқан, сегіз қырлы, бір сырлы студенттер қатысты. Мамандықтары өнер саласына сай келмесе де, қоңыр үнді домбырада тебіренге күй орындап, мың бұрала би билеген, бұлбұлдай нәзік үндерімен ән салған қатысушылар көрерменді тәнті етті. Нәтижесінде бірнеше сағатқа созылған өнер кешін көрермендер бір деммен тамашалады. Осыдан-ақ Жәңгір хан университеті жастарының қанашалықты талантты екендігін байқауға болады деп ойлаймын. Бәрінен маңыздысы – байқаудың әділ өтуі. Сондықтан өнер сайысына түрлі салада қызмет етіп жүрген өз ісінің шеберлері қазылық етті.

Қазылар алқасы байқау қорытындысын жариялар сәтте бәріміз де қобалжығанымызды



жасыра алмадық. Көптен күткен нәтиже – басты сыйлық жылжымалы «Бүркіттің» иесі анықталды. Бұл жеңіс біздің сүйікті институтымыздың қанжығасына байланды. Яғни, «Агротехнологиялық» институты үздік деп танылды. Сонымен қатар «Ұлттық ән», «Үздік бейнежазба», «Үздік жайдарманшылар» аталымдары бойынша I орынды, «Заманауи ән», «Заманауи би», «Аспапта ойнау шеберлері», «Көркем сөз шеберлері» аталымдары бойынша

II орынды, «Үздік жүргізушілер» аталымы бойынша III орынды иеленді.

Біздің жеңімпаз атануымызға өз үлестерін қосқан жоғары курстың студенттерінен құралған «Алтын құрамға» және басқа да белсенді қыз-жігіттерге алғысымыз шексіз. Алда талай биіктерді бірге бағындыруға шақырамыз. Ортақ жеңісіміз құтты болсын!

**Шамшырақ  
ЕСЕНҒАЛИЕВА,  
ЗУ-11 тобының студенті**

## Болашақ кәсіпкерлер үшін маңызды жүздесу

22 сәуір күні «Экономика ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру» институтының БМУ-31, БЭК-31, БАН-31, БФЭ-31, БФЭ-32 топтарының студенттері «Uralsk Business Incubator» ұйымының қызметкерлері Абай Габделовпен және Бағдат Уәлиевпен кездесті.



Жиын барысында спикерлер «Uralsk Business Incubator» ұйымының жұмысы, мақсаты туралы ақпарат берді. Оған қоса стартап жобаларды қолдау барысында атқарылып жатқан жұмыстар мен көрсетілетін қолдауларды пысықтады.

Болашақ кәсіпкерлер көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, тұшымды жауаптар алды. Студенттер арасынан өз ісін бастап, аталмыш ұйымнан көмек алғысы келетіндер де табылып, бизнес жоспар жасау үстінде екендіктерін жеткізді.

Кездесу еркін форматта өткізіліп, өзара сұрақ-жауап алмасу арқылы әдемі әңгіме өрбіді. Келген қонақтар да студенттердің алған бағыты мен идеяларына жоғары баға беріп, сәттілік тіледі.

Бұл практикаға бағытталған сабақты «Экономика және аудит» жоғары мектебінің аға оқытушылары Канбиби Нурсапина мен Назым Ахметжанова ұйымдастырды.

**Мұхаммед-Әли  
ҚУАНЫШКЕРЕЙ,  
БМУ-31 тобының студенті**

## Алда - жаңа маусым



Жәңгірхандық жастардың әсерлі әрі қызықты әңгімесін тыңдағыларыңыз келсе, YouTube арнамыздан еркін форматтағы «Djai otyrys» бағдарламасын көріңіздер.

Бұл жолғы кейіпкерлеріміз Бағрарлық-техникалық мамандықтарда оқып жатқандарына қарамастан, сөзге бай, тілге шешен екендіктерін дәлелдеп жүр. Университет қабырғасында болып жатқан оқиғаларды айшықтауға үлес қосып жүретін талантты жастарымыз бұл жолы қандай қызықты ақпараттармен бөлісті? Жауабын білгілеріңіз келсе, бағдарламаның

кезекті шығарылымын «ZhastarZkatu» арнасынан тамашалай аласыздар.

Ал мамыр айынан бастап бағдарламаның жаңа маусымы көрерменге жол тартпақ. Қонақ ретінде кімді көргілеріңіз келеді, ұсыныстарыңызды әлеуметтік желілеріміз арқылы білдіріңіздер!

**БҚАТУ медиа орталығы**



**Меншік иесі:**  
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ медиа орталығының директоры  
**Ләззат ҚАЖЫМОВА**

Бас маман  
**Анар НҮРЛАНҚЫЗЫ**  
Компьютерде беттеуші және дизайнер  
**Қайрат ИСИМОВ**

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 554 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Деректердің нақтылығына автор жауапты.

**Редакцияның мекенжайы:**  
090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 206-бөлме 1-42  
info\_zkatu@mail.ru